

## "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 3 қазандағы N 2477 Заң қүші бар жарлығы

Қазақстан Республикасының жаңа Конституациясының қабылдануына байланысты және "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы заңының Z933600\_1-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 52, 636-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Заңның кіріспесінде:

екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында әрбір адамның азаматтық алуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының азаматтығы осы заңға сәйкес алынады және тоқтатылады";

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластауға болмайды".

2. 3-бапта:

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды";

үшінші бөлігі алынып тасталсын;

төртінші бөлігі үшінші бөлігі болып саналсын, ондағы "бұрынғы одақтас республикалар" сөздері "басқа мемлекеттер" сөздерімен алмастырылсын.

3. 4-баптағы "растайтын құжат" сөздерімен кейін "Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе" сөздерімен толықтырылсын.

4. 5,8,9-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық жағдайы

Қазақстан Республикасының азаматтығы, оның қандай негізде алынғанына қарамастан, бірыңғай және тең болып табылады.

Қазақстан Республикасының азаматтары тегіне, әлеуметтік және мұліктік жағдайына, нәсілі мен ұлтына, жынысына, біліміне, тіліне, дінге көзқарасына, саяси

және өзге де сенімдеріне, кәсібінің түрі мен сипатына, тұрғылықты жеріне және басқа мән-жайларға қарамастан заң алдына тең.

Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында жарияланған, кепілдік берілетін азаматтық, саяси, экономикалық және әлеуметтік құқықтар мен бостандықтарды барынша толық иеленеді.

8-бап. Қазақстан Республикасының азаматын басқа мемлекетке беруге болмайтындығы

Республиканың халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе,  
Қазақстан Республикасының азаматын шет мемлекетке беруге болмайды.

9-бап. Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі  
азаматтарды қорғау

Қазақстан Республикасы өзінің одан тыс жерлерде жүрген  
азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік  
береді".

5. 10-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында  
көзделген негіздер мен тәртіп бойынша".

6. 16-бап мына редакцияда жазылсын:

"16-бап. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау  
шарттары

Қазақстан Республикасының азаматтығына:

1) Қазақстан Республикасының аумағында кемінде бес жыл тұрақты тұрып келген адамдар, не болмаса Қазақстан Республикасы азаматтарымен некеде тұратын адамдар қабылданатын болады.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаған кезде кәмелетке толмағандардан, пайым қабілетін жоғалтқан адамдардан және Қазақстан Республикасы алдында ерекше еңбек сіңірген адамдардан, сондай-ақ Қазақстан аумағынан саяси себептермен кетуге мәжбүр болған адамдар мен олардың ұрпақтарынан, егер олар тарихи Отаны ретінде тұрақты тұру үшін Қазақстан Республикасына қайтып оралған болса, олардан осы тармақшаның бірінші абзацында көзделген шарттардың болуы талап етілмейді;

2) Қазақстан Республикасы азаматтарының ішінде жақын туыстарының бірі - баласы (оның ішінде асырап алған баласы), жұбайы (зайыбы) және ата-анасының біреуі (асырап алушысы), апа-қарындасы, аға-інісі, атасы немесе әжесі бар бұрынғы одақтас республикалардың азаматтары, Қазақстан Республикасында тұру мерзіміне қарамастан, қабылданатын болады.

Міндепті әскери қызмет атқарып жүрген және Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан әскери қызметшілердің азаматтығы мәселелері Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарымен белгіленеді".

Ескерту. 6-тармақта түзету енгізілген.

7. 17-баптың 7-тармағындағы "Қосарлас азаматтық туралы мемлекетаралық келісім болмаған жағдайда" сөздері алынып тасталсын.

8. 21-баптың бірінші бөлігі: "адамның басқа мемлекетте" сөздерінен кейін "әскери қызметке" сөздерімен толықтырылсын.

Осы баптың 3-тармағында "бойынша" сөзінен кейін нұктелі үтір қойылып, "айырылады" сөзі алынып тасталсын.

Осы бөлік мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4) егер Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын адам дәлелсіз себептермен бес жыл бойы консулдық есепке тіркелмесе айырылады".

9. 5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің және мемлекеттік органдарының азаматтық мәселелер жөніндегі өкілеттігі".

10. 29-баптың екінші бөлігінде:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерлерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарын Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығару туралы";

алтыншы абзац алынып тасталсын.

11. 30-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"30-бап. Ішкі істер органдарының өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, облыстардың, қалалардың, аудандардың және қаладағы аудандардың ішкі істер басқармалары, бөлімдері:

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдардан Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөнінде арыздар қабылдайды және оларды қажетті құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына жібереді;

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделгендей Қазақстан Республикасының азаматтығына алғынғандығын және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққандығын тіркеуді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылуын тіркейді".

12. 34-ші баптың екінші бөлігіндегі "Министрлер Кабинеті" сөздері "Сыртқы істер министрлігі және Қазақстан Республикасының халықтың көші-қон мәселелерін жүргізуші органы" сөздерімен алмастырылсын.

13. 36-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтыққа қабылдау, оны өзгерту мәселелері жөнінде және өтініш қабылданбаған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы шығарылады".

#### 14. 37-бапта:

бірінші бөліктің үшінші тармағында "Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы шыққан күні" деген сөздерден кейін, нұктелі үтір қойылып, "ие болады" деген сөздер алынып тасталсын.

Осы бөлік мынадай мазмұндағы төртінші тармақпен толықтырылсын:

"мемлекетаралық шарттарында көзделгендей тәртіп бойынша тіркелген күннен бастап ие болады";

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының азаматтығы:

- Қазақстан Республикасы Президентінің азаматтықтан шығару туралы Жарлығы шыққан күні;

- осы Заңда көзделген тәртіппен мемлекеттік органдардың одан айырылғанын тіркеген күні;

- Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы тіркелген күні тоқталады".

#### 15. 39-баптың бірінші бөлігіндегі "Халық депутаттары

Кеңестері атқару комитеттерінің" сөздері "облыстардың, қалалардың, аудандардың және қалалардағы аудандардың" сөздерімен алмастырылсын.

II. "Қазақстан Республикасында азаматтық алудың оңайлатылған тәртібін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 23 желтоқсандағы N 1470 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 48, 577-құжат) күші жойылған деп танылсын.

III. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті